

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	079
Жинақтағы беттері	371-373
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 340.114.6
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Асқарқызы Гүлім
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м. Наурызова В.К.
Мақала атауы	ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ БАСТЫ ҚҰРБАНЫ БОЛУЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

13. IBM // <https://www.ibm.com/us-en>

14. Facebook–Cambridge Analytica data scandal // Wikipedia  
[https://en.wikipedia.org/wiki/Facebook%E2%80%93Cambridge\\_Analytica\\_data\\_scandal?utm\\_source=chatgpt.com](https://en.wikipedia.org/wiki/Facebook%E2%80%93Cambridge_Analytica_data_scandal?utm_source=chatgpt.com)

15. «2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

## ӘОЖ 340.114.6

### ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ БАСТЫ ҚҰРБАНЫ БОЛУЫ

**Асқарқызы Гүлім**

[gullim.2007@icloud.com](mailto:gullim.2007@icloud.com)

Құқықтану білім бағдарламасының 1 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м. Наурызова В.К.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық – бұл кәмілетке толмаған (18 жасқа толмаған) тұлғалардың заңмен белгіленген қылмыстық нормаларды бұзуы, яғни қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы. Мұндай әрекеттерге заңға қайшы келетін және қылмыстық кодекспен жазаланатын істер жатады. Қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық жиі орын алуда және салдары зардап шегу мен құрбандыққа әкелуде.

Бүгінгі дамыған заманда болашағымыздың арқауы болатын жастардың ел үшін күресуідегі емес қылмыстың көбейуіне жол беру баршамызды аландатуда. Күнделікті тыңдалатын жаңалықтар кейбір жасөспірімдердің қолымен жасалатын адам шошырлық қылмыстарынан бастау алады. Бұрынғы кезеңде адам баласын өлтіруге немесе аяусыз ұрып-соғуға, жеке құқығына кіруге басқада жағымсыз іс әрекеттерге баруға қол түгілі тіпті жүрек те жетпейтін. Ал қазіргі кезде бұндай қатігездікке әліде өсіп жетілмеген, кәмілетке толмаған жасөспірімдер еш қандай да қорқынышсыз баруда.

Көбіне бұл жағдайлар жасөспірімдердің өз ара келіспеушіліктерінен орын алады. Ол бірін-бірін бопсалаудан, көше тәртібіне бағынбауынан, білгілі бір қинап тапсырылған тапсырманың дұрыс орындалмауында. Соны төбелесу, пышақ, тапанша секілді суық қаруларды қолдану арқылы, қылмыстың құрбаны болып отырған жас жеткіншектің өлімінен немесе психологиялық зардап шегуімен аяқталады.

Бұған бір дәлел келтірсем. Осыдан 4 ай бұрын Махамбет ауданына қарасты Сартоғай ауылында болған оқиға. Ойында еш бір күдікті жоқ биыл ғана мектеп табалдырыңғын аяқтаған 17 жастағы жас түлек, кешкі құрым өз достарымен көше аралауға үйінен шығып кетеді. Көп ұзамай оның алдынан өзінен екі жасқа үлкен таныс жігіт шығып, шақырылған шаруға неге келмегенін сұрап оны қыспаққа алып, бауыр тұсынан бірнешерет соққыға жыға бастайды. Нәтижесінде ауыр соққыға шыдай алмаған жас бала оқиға орнында тіл қатпастан көз жұмады.

Жалпы ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, жасөспірімдер 16 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Кейбір ауыр қылмыстар үшін 14 жастан бастап жауапкершілік қарастырылады.

Жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылық түрлері: соны мен қатар жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылықтарына: ұрлық – бөтеннің мүлкін заңсыз иелену.

Тонау немесе қарақшылық – мүлікті күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы тартып алу.

Бұзақылық – қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу. Есірткі секілді заңсыз заттарды сақтау, тарату және қолдану, ауыр қылмыстар, зорлық-зомбылық іс әрекеттері жатады. Мұның бәрі елімізге теріс нәтиже әкелуде әрі қауіпті қоғам ықтималдығы жоғарлануда.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі себептері:

1) отбасылық жағдай: қолайсыз отбасылық орта, ата-ананың жеткілікті бақылауының болмауы немесе тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырау жасөспірімдерді қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін. Көбіне отбасы ішінде болып жатқан жанжалдар мер ұрыс керістердің әсерінен отбасыда қолдау мен түсіністік атмосферасы қалыптаспай бала дұрыс тәрбиенің жетіспеушілігіне ұшырайды.

2) Білім беру және тәрбие: мектептегі тәртіпсіздік, оқу үлгерімінің төмендігі, және ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың нашарлығы да қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқы олардың өсуі мен дамуының көрсеткіші болып табылады. Ата-аналар мен тәрбиешілер үшін маңыздысы – осы кезеңдердің ерекшеліктерін түсіну, қолдау көрсету және баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс бағыт беру.

3) Қоршаған орта: достар мен таныстардың теріс әсері, әсіресе қылмыстық топтарға қосылу немесе оларға еліктеу.

4) Әлеуметтік теңсіздік: жасөспірімдердің материалдық жағдайының нашарлығы және қоғамдағы теңсіздік сезімі олардың заңсыз әрекеттерге баруына себеп болуы мүмкін.

5) Интернет пен әлеуметтік желілердің әсері: қазіргі заманда кибербуллинг, интернет арқылы зорлық-зомбылық немесе заңсыз әрекеттерге итермелеу жиі кездеседі.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер қоғамның ең осал тобы болып табылады -бұл қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі. Олардың өмірлік тәжірибесінің аздығы, психологиялық дамуының толық аяқталмауы және өз құқықтарын жеткілікті дәрежеде қорғау қабілетінің әлсіздігі оларды қылмыстық әрекеттердің құрбаны болуға бейім етеді. Жасөспірімдер көбінесе әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторлардың салдарынан қылмысқа тартылып немесе құрбанына айналады. Олар қатарластарының қысымы, ата-ананың бақылауының әлсіздігі, интернеттегі қауіптер мен қоғамдағы әділетсіздіктерден зардап шегуі мүмкін. Бұл кезеңде баланың өзін-өзі бағалауы, әлемді түсінуі мен жеке пікірін қалыптастыруы енді басталатындықтан, оларды алдау немесе қорқыту оңайырақ. Қазіргі технология дәуірінде жасөспірімдер көбінесе кибербуллинг, алаяқтық, бопсалау және интернет арқылы адам саудасының құрбаны болады. Әлеуметтік желілерде бөтен адамдардың сеніміне кіруі және жеке ақпаратты жариялауы қауіп тудырады. Сондай-ақ кейбір жасөспірімдер отбасындағы немесе мектептегі зорлық-зомбылыққа тап болады. Бұл оларды агрессиялық ортаға бейімдеп, өзге қылмыскерлердің құрбанына айналдыруы мүмкін. Және де тағы бірі қоғамдық орындарда жасөспірімдер ұрлық, тонау немесе шабуыл құрбаны болып қалуында. Көбінесе осындай қауіпке көшеде жалғыз жүрген жасөспірімдер душар болады. Мұндай жағдай олардың болашақ дамуына ғана емес, жалпы қоғамның тұрақтылығына да теріс әсер етеді. Қоғамдағы әрбір адам – ата-аналар, мұғалімдер, құқық қорғау органдары, заң шығарушылар және үкіметтік емес ұйымдар – жасөспірімдерге қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуге атсалысуы керек. Жасөспірімдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау – бұл олардың лайықты өмір сүруі мен әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасау деген сөз. Тек бірлескен күш-жігер арқылы біз жасөспірімдерді қылмыстың құрбаны болудан сақтап, олардың жарқын болашағын қамтамасыз ете аламыз.

Қоғамның болашағы – жасөспірімдердің қолында. Сондықтан олардың дұрыс бағытта дамуын қамтамасыз ету және қылмыс жасауға жол бермеу – маңызды әлеуметтік міндет. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттері көбіне әлеуметтік отбасылық немесе экономикалық мәселелерден туындайды. Бұл жағдайды болдырмау үшін кешенді алдын алу шараларын жүзеге асыру қажет.

Алдын алу шараларының біріншісіне отбасылық тәрбиенің ролін жатқызу керек. Жасөспірімдердің өміріндегі ең алғашқы тәрбие беруші – отбасы. Ата-аналар балаларға дұрыс тәрбие беріп, олардың мінез-құлқындағы өзгерістерді уақытында байқап отыруы қажет.

Отбасыда балалардың қауіпсіздігін, сенімділігін және махаббатты сезінуі маңызды. Ата-аналар балаларға жағымды үлгі көрсетіп, оларға дұрыс құндылықтарды үйрету ең құнды әрекет деп есептеймін. Екінші тәрбие беруші білім беру жүйесі, мектептер жасөспірімдердің тұлға ретінде қалыптасуында ерекше орын алады. Мектеп қабырғасында моральдық, этикалық және құқықтық білім беру маңызды. Оқушыларға заңдарды түсіндіріп, қылмыстың салдарын көрсету арқылы олардың құқықтық сауаттылығын арттыру керек. Сонымен қатар, психологиялық қызметтерді күшейту арқылы балалардың ішкі күйзелістерін анықтап, оларды шешуге көмектесу қажет. Жасөспірімдер бос уақытын пайдалы өткізуі үшін спорттық, мәдени және шығармашылық үйірмелер ұйымдастыру керек. Осындай бағдарламалар балалардың өз әлеуетін дамытуына мүмкіндік беріп, олардың теріс әрекеттерге бармауына септігін тигізеді. Сонымен қатар, әлеуметтік әл-ауқаты төмен отбасыларға көмек көрсету шаралары да маңызды. Жасөспірімдерге қоғамдағы өз орнын түсінуге және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектесу керек. Оларға сенім артып, жауапкершілік жүктеу арқылы олардың өзін-өзі бағалауын көтеруге болады. Қоғам тарапынан қолдау сезінген жасөспірімдер теріс әрекеттерге бармайды.

Отбасынан бастап, білім беру мекемелері, әлеуметтік ұйымдар және құқық қорғау органдарына дейінгі әрбір құрылым өз қолдауларын көрсетсе осы алдын алу шараларын жүзеге асырып, қоғамдағы қылмыстық құқық бұзушылықты азайтамыз деген сенімдемін.

Қорытындылай келе, жасөспірімдер – қоғамның болашағы, елдің үміті мен келешегін айқындайтын негізгі күш. Олар қылмысты азайтуға және қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін маңызды буын. Жас ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеу арқылы біз олардың қоғамға пайда әкелетін азамат болып қалыптасуына жағдай жасаймыз. Олар заңдарды құрметтеп, қоғамның ережелерін сақтауды үйренуі керек. Жастар өздерінің іс-әрекеттерінің ел болашағына әсер ететінін түсінсе, олар қылмысқа бармайды, керісінше, бейбіт және әділ қоғам құруға атсалысады. Жастардың саналы таңдауы – елдің тұрақты дамуының кепілі. Және де жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту – тек мемлекет пен қоғамның емес, әрбір азаматтың міндеті. Отбасында берілген дұрыс тәрбие, мектептегі этикалық және құқықтық білім, қоғамдық өмірдегі қолдау жасөспірімдерді қылмыс жолынан аулақ ұстайды. Ең кереметі жасөспірімдер өз орталарында тәртіп пен заңды сақтаудың маңызын түсініп, басқаларға үлгі болуға ұмтылады. Жасөспірімдердің саналы әрі білімді болуы – мемлекеттің тұрақтылығы мен гүлденуінің басты шарты. Олар тек өздерінің болашағын ғана емес, бүкіл ұлттың тағдырын анықтайды. Сондықтан жастардың дұрыс тәрбиеленуі – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Егер әр жасөспірім өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, заңды құрметтейтін болса, қылмыс деңгейі айтарлықтай төмендейді. Жастар – ел болашағы және олардың таңдауы мемлекеттің ертеңгі келбетін айқындайды.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – 30 тамыз 1995 жыл (2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 3 шілде 2014 жыл нөмері 226 - V (2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы).
3. Қазақстан Республикасының Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы Заңы – 9 шілде 2004 жыл нөмері 591 -II.
4. Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» Заңы – 8 тамыз 2002 жыл нөмері 345.
5. Жасөспірімдер қылмысы оның алдын қалай алуға болады? (Ғылыми зерттеу) / Авторы: Г.Ильясова, «Ашыбұлақ»> жалпы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. 18 - ақпан 2022 жыл.